



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 7/33

18 ақпан



www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет


## МАЖОРИТАРЛЫҚ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ОРАЛУЫ

Алдағы сайлаудың ең басты он ерекшелігінің бірі ретінде сарапшылар 2004-жылдан кейін алғаш рет Мәжіліске депутаттар бір мандатты округтер арқылы сайланатындығын айтып жатыр. Менінше, бұл он ерекшеліктің бірі емес, ең бастысы. Өйткені, бұл – өзі қалаған тұлғаны таңдау үшін халыққа берілген шынайы мүмкіндік. Мажоритарлық жүйеге оралу – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың билікке келгеннен бері қолға алған реформаларының заңды жалғасы. Осы орайда, Президенттің ең алғашқы бастамаларының бірі Бейбіт шерулер өткізуге байланысты болғанын ұмытпағанымыз абзал. Егер бұрын биліктің рұқсаты талап етілетін болса, Президент шеруге шыққысы келгендердің билікті ескертуі ғана жеткілікті деп санады. Бұл Заң жүзінде бекітілді. Мұндай өзгеріс қоғам тарапынан оң қабылданды, жұртшылық талай жылғы қасандықтың мұзы жібі бастағанын, жылымық соға бастағанын аңғарды.

Президенттің «Халық үніне құлақ асушы мемлекет» деген талабы халықпен билік арасын жақындата түсті. Қандай өтініш, нендей талап қойғыңыз келеді, кедергі жоқ. Өртүрлі деңгейдегі әкімдердің халықпен кездесуі бұрынғыдай жылына бір рет өткізілетін жаттандылықтан арылып, жанды жүздесулерге айналды. Қоғамдық Кеңестердің де орны, құқығы күшейтілді. Қоғамның тынысын нақты бағалау мақсатында кейін Ұлттық Құрылтайға айналған Ұлттық Кеңес құрылды. Мұнда айтылған көптеген ұсыныстар ресми құжаттарда көрініс тапты. Президент қасыретті Қаңтардан

соң саяси реформаларды барынша бағыт әрі жедел жүргізуді қолға алды. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022-жылғы 5-маусымда өткізілген референдумда халық Президент бастамаларына толық қолдау көрсетті. Халық Референдумда көтерілген мәселелердің шешімдерін таба бастағанын көріп, сезіне бастады. Басқасын айтпағанда, 1995-жылы «жоғалып кеткен» Конституциялық Сот халықпен қайта табысты. Енді еліміздің әрбір азаматы Конституциялық құқығының бұзылмауына жол бермеу үшін Конституциялық Сотқа тікелей хабарласа алады. Бірақ, біз осы өзгерістердің бәрі Қасым -Жомарт Тоқаевтың 2019-жылғы 2-қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан бастау алатынын ұмытпауымыз керек. Президент осы Жолдауда алғаш рет «Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет». Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады» деген болатын.

Ал, ықпалды Парламентке қол жеткізудің бір жолы, бұл -мажоритарлық жүйені енгізу. Неге? Өйткені, депутат тікелей халық арқылы сайланғандықтан, оның сайлаушылар алдын



дағы жауапкершілігі артады. Сайлау Заңы бойынша сайлаушылар сеніміне селкеу түсірген депутатты кері шақырып алу тетігі де бар. Осындай механизмнің заңда қарастырылғаны өте дұрыс. Сайлау – орысша «выбор» деп айтылады. «Выбор» қазақшалағанда – таңдау. Демек, халық таңдау жасайды, көңілінен шыққан нақты тұлғаға дауыс беріп, сайлайды. Пропорционалды сайлау жүйесінде осындай таңдау жасау мүмкін бе? Әрине, жоқ. Біздің елімізде саяси партиялардың халық арасындағы абырой, беделі де айтарлықтай жоғары емес. «AMANAT» партиясы ғана тұрақты жұмыс істейтінін айтып өтпесек, ақиқаттан аттағанымыз болар еді. Көбіне тек сайлау жарияланған кезде ғана бой көрсететін болғандықтан, былайғы уақытта халық олардың бар-жоғын біле де бермейді. Міне, осындай жағдайда еліміздегі Мәжіліс қана емес, жергілікті мәслихаттар сайлауларын да пропорционалды сайлау жүйесіне көшіру билікке болмаса, бұқараға еш пайдасы тимегенін өмір көрсетті. Ия, мұндай жүйе билікке өте тиімді болды. Мәжіліске, мәслихаттарға кімдерді өткізу сайлау кабинеттерінде шешіліп жатты. Қасым-Жомарт Тоқаев мажоритарлық жүйені ортамызға оралту арқылы

халықтың билікке тікелей араласуына жол ашты. Ең маңыздысы – осы! Әрине, Мәжілістің 30 пайызы осы жүйемен сайланатынын алға тартып, «Бұл тым аз, бәрібір Мәжілісте басымдыққа ие болмайды» деген пікір де жоқ емес. Осындайда, «мұндай мүмкіндіктің бұрын мүлдем жойылып кеткенін неге ұмытамыз?» дегің келеді. Қазір үміткерлер ұсыну науқаны жүріп жатыр. Жан-жақтан жарияланып жатқан хабарларға, ақпараттарға қарағанда көпшілік тарапынан сайлауға деген қызығушылық, ынталылық артып келеді. Пропорционалды сайлау жүйесі сайлауға деген ел сенімін жоғалтқаны ащы да болса шындық. Ал, сенім болмаған жерде сайлау бола ма? Сондықтан да, мажоритарлық жүйенің қайта оралуы «өшкеннің жанып, өлгеннің тірілгеніндей» әсер етіп жатқаны рас. Ендігі түйін – сайлауды әділ өткізу, дауыс ұрламау. Жалпы халық, сайлаушылардың сайлау күні сайлауға қатысып, өз дауыстарын қалаған адамына беруі өте маңызды. Бұл биліктің де ел арасындағы көтеріліп келе жатқан беделін одан әрі өсіре түседі. Сондықтан, билік тарапынан өз жолын өзі кесуге жол берілмейді деп сенеміз.

Н.ӨТЕПҰЛЫ

### Реформы президента



РАЗВИТИЕ РЕГИОНОВ

### РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

Десятки километров автотрасс сразу нескольких районов области, которые сегодня представляют собой грейдер, заасфальтируют в нынешнем году. Общая протяженность автомобильных дорог региона составляет свыше 9,3 тысячи километров. Из них республиканского значения – более 1,8 тыс. км, областного – более 2,5 тыс., районного – свыше 2,2 тыс. и улицы населенных пунктов – более 2,7 тыс. км. На автодорогах областного значения ремонтные работы уже ведутся на 317 километрах. Охвачены почти все районы региона.



ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ

### РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

В Караганде открылась новая подстанция службы скорой медицинской помощи. Здание было построено с нуля специально для жителей района. Сортировка по программе «Дорожная карта занятости»



### ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Болашақ полицейлерді қазіргі заманға сай даярлау, ІІО-ның қызметтегі қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары қайта өңделді.



### ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ - ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ел Президенті 2019 жылғы 3 қыркүйектегі Жолдауында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі орган ретінде қазақстандық полицияның ахуалын оңтайландыруды жолға қойды. Осы бағдарламалық құжатты іске асырудың маңызды бағыты соңғы жылдары жасалып жатқан құқық қорғау жүйесін реформалау болып табылады.



**19**  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!  
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ

**ВЫБОРЫ**

ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



www.election.gov.kz

**19** НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ  
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ

**ВЫБОРЫ**  
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА  
ПАРЛАМЕНТА И МАСЛИХАТОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!



СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 104 БАБЫ 6-1 ТАРМАҒЫНЫҢ 1 ТАРМАҚШАСЫНА СӘЙКЕС БІРМАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТАРЫ БОЙЫНША ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАР ТІРКЕЛГЕНДІГІ ЖӨНІНДЕ ХАБАРЛАМА

Реттік №	Округ №	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Тіркелген күні
1	№ 7 округ	Ирина Владимировна Бейскеева	1985 ж	«Приозерск қаласы әкімінің тұрғындарды жұмыспен қамту орталығы» КММ, маман, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	13.02.2023 ж
2	№ 7 округ	Жазира Есенамановна Нарестина	1973 ж	«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	13.02.2023 ж
3	№ 8 округ	Талгат Алимджанович Карабалаев	1978 ж	«Ер-Тай» ЖШС, директор, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	13.02.2023 ж
4	№ 11 округ	Мансур Талгатович Ахметов	1987 ж	«Балхаш ЕСК» ЖШС., директор, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	13.02.2023 ж
5	№ 11 округ	Музаффар Абдуллаевич Пайзуллаев	1986 ж	«Приозерск орталық ауруханасы» КММ, стационар меңгерушісі, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	13.02.2023 ж
6	№ 8 округ	Кайнар Кайсарович Айтбаев	1990 ж	Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны	14.02.2023 ж
7	№ 4 округ	Назарбай Еркебаевич Пердебаев	1991 ж	Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны	15.02.2023 ж
8	№ 2 округ	Алтай Насипбекович Исатаев	1978 ж	«Приозерск қаласының әкім аппараты» ММ, аппарат басшысы, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	16.02.2023 ж
9	№ 5 округ	Нурлан Шадыбаевич Умаров	1979 ж	Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	16.02.2023 ж
10	№ 9 округ	Карлыгаш Игликовна Алтаева	1974 ж	Кәсіпкерлер Палатасының Приозерск қаласындағы филиалы, директор, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	16.02.2023 ж
11	№ 9 округ	Ержан Нурланбекулы Абдурахманов	1994 ж	Приозерск қаласының жеке кәсіпкері, Қарағанды облысы, Приозерск қаласының тұрғыны.	16.02.2023 ж

В СООТВЕТСТВИИ С ПОДПУНКТОМ 1, ПУНКТА 6-1, СТАТЬИ 104  
КОНСТИТУЦИОННОГО ЗАКОНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВЫБОРАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН» СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ  
КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПО ОДНОМАНДАТНЫМ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫМ ОКРУГАМ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

№	№ округа	Ф.И.О	Год рождения	Место работы, должность, место проживания	Дата регистрации
1	Округ № 7	Бейскеева Ирина Владимировна	1985 г	КГП «Центр занятости населения акима г.Приозерск», специалист, проживает в г.Приозерск Карагандинской области.	13.02.2023 г
2	Округ № 7	Нарестина Жазира Есенамановна	1973 г	ГУ «Отдел занятости и социальных программ», г.Приозерск, консультант по социальной работе, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	13.02.2023 г
3	Округ № 8	Карабалаев Талгат Алимджанович	1978 г	ТОО «Ер-Тай», директор проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	13.02.2023 г
4	Округ № 11	Ахметов Мансур Талгатович	1987 г	ТОО «ЛОК Балхаш», директор, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	13.02.2023 г
5	Округ № 11	Пайзуллаев Музаффар Абдуллаевич	1986 г	КГП «Приозерская центральная больница», заведующий стационара, проживает в г. Приозерск, Карагандинской области.	13.02.2023 г
6	Округ № 8	Айтбаев Кайнар Кайсарович	1990 г	Индивидуальный предприниматель г.Приозерск, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	14.02.2023 г
7	Округ № 4	Пердебаев Назарбай Еркебаевич	1991 г	Индивидуальный предприниматель г.Приозерск, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	15.02.2023 г
8	Округ № 2	Исатаев Алтай Насипбекович	1978 г	ГУ «Аппарат акима города Приозерск», руководитель аппарата, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	16.02.2023 г
9	Округ № 5	Умаров Нурлан Шадыбаевич	1979 г	Индивидуальный предприниматель г.Приозерск, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	16.02.2023 г
10	Округ № 9	Алтаева Карлыгаш Игликовна	1974 г	Филиал Палаты предпринимателей г.Приозерск, директор, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	16.02.2023 г
11	Округ № 9	Абдурахманов Ержан Нурланбекулы	1994 г	Индивидуальный предприниматель г.Приозерск, проживает в г.Приозерск, Карагандинской области.	16.02.2023 г

**2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Каскатаев Айдын Кайратович	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03



2016 ЖЫЛҒЫ «21» 01 № 2/1 ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША, ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ҮМІТКЕРЛЕРІНІҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУ ҮШІН ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ЖӘНЕ ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАРДЫ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТ  
МӘЖІЛІСІНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША,  
ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТ  
ДЕПУТАТТАРЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ҮГІТТІК БАСПА  
МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН  
ОРЫНДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Елді мекен атауы	Орналасу орны
Приозерск қаласы	«Березка» дүкенінің маңында орналасқан хабарландыру тақтасы
	«Интернет кафе» дүкенінің маңында орналасқан хабарландыру тақтасы
	Приозерск қаласының «Қазақтелеком» Акционерлік қоғамының бөлімшесі ғимараты маңында орналасқан хабарландыру тақтасы
	Қалалық базардың жанында орналасқан хабарландыру тақтасы
	Орталық алаңдағы хабарландыру тақтасы

2016 ЖЫЛҒЫ «21» 01 № 2/1 ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША, ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ҮМІТКЕРЛЕРІНІҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУ ҮШІН ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ЖӘНЕ ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАРДЫ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТ  
МӘЖІЛІСІНЕ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША,  
ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МАСЛИХАТ  
ДЕПУТАТТАРЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ  
САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗУ ҮШІН  
ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫҢ ТІЗБЕСІ**

Елді мекен атауы	Кездесу өтетін орны
Приозерск қаласы	«Приозерск қаласының «Достық» балалар-жас өспірімдер орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының акт залы

УТВЕРЖДЕН ПОСТАНОВЛЕНИЕМ АКИМАТА ГОРОДА «ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ПОМЕЩЕНИЙ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ КАНДИДАТОВ В ПРЕЗИДЕНТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ПАРТИЙНЫМ СПИСКАМ, ОБЛАСТНОГО И ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА НА ТЕРРИТОРИИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» ОТ «21» 01 2016 ГОДА № 2/1

**ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ  
АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ  
КАНДИДАТОВ В ПРЕЗИДЕНТЫ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН, ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ПАРТИЙНЫМ  
СПИСКАМ, ОБЛАСТНОГО И ГОРОДСКОГО  
МАСЛИХАТА**

Наименование населенного пункта	Места размещения
город Приозерск	Доска объявлений возле магазина «Березка»
	Доска объявлений возле магазина «Интернет кафе»
	Доска объявлений у здания Приозерского отдела Акционерного общества «Казактелеком»
	Доска объявлений у городского рынка
	Доска объявлений на центральной площади

УТВЕРЖДЕН ПОСТАНОВЛЕНИЕМ АКИМАТА ГОРОДА «ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ МЕСТ ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ И ПОМЕЩЕНИЙ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ КАНДИДАТОВ В ПРЕЗИДЕНТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ПАРТИЙНЫМ СПИСКАМ, ОБЛАСТНОГО И ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА НА ТЕРРИТОРИИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» ОТ «21» 01 2016 ГОДА № 2/1

**ПЕРЕЧЕНЬ ПОМЕЩЕНИЙ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ  
ВСТРЕЧ С ИЗБИРАТЕЛЯМИ В ПРЕЗИДЕНТЫ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА  
ПАРЛАМЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО  
ПАРТИЙНЫМ СПИСКАМ, ОБЛАСТНОГО И  
ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА**

Наименование населенного пункта	Места размещения
город Приозерск	Актальный зал коммунального государственного казенного предприятия «Центра детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск»

**«ИСЛАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚАЗАҚИ ДӘСТҮРДІҢ ҰШТАСТЫҒЫ»**

Ұлттың мінезі мен дәстүрлері – егіз ұғым. Бірінен бірі туындап, бірін-бірі қалыптастырып жатады. Дін қағидаларының сенімдік жағын діндес ұлттар өзгеріссіз қабылдайды, алайда бір ұлттың дәстүрін екінші ұлт көшіре алмайды. Оған дініміз де мәжбүрлемейді. Араб та, қазақ та ислам діні аясында дамып келе жатқан ұлттар, бірақ дәстүрлері қабыс бермейді. Бір ғана баланың дүниеге келуіне байланысты кейбір рәсімдерді алайық. Арабтар нәрестенің дүниеге келгеніне 7 күн толғанда, шашын алып, шашының салмағымен бірдей садақа береді. Қазақы дәстүрде дүниеге нәресте келгенде

шілдехана жасалады, бесікке салынады, жиырма күнде кіші қыркынан, отыз тоғыз немесе қырық бір күнде үлкен қыркынан шығарады. Қырық ізгі тілек айтып, қырық қасық сумен жуындыру, шаш-тырнағын алу, келушілерге «жұғысты болсын» деп сый кәде беру (қазақша садақа) – қазаққа тән дәстүрлер. Ешкім ешбірін шариятқа шалыс деп айыптай алмаса керек.

Қазақы мінез бен дүниетанымда ізет пен құрметке ерекше мән беріледі. «Қазақы мінез» деген ұғымның өзі кішіпейілділік, дархандық, еркіндік тәрізді кесек мінездермен айқындалады. Сол қазақы мінездің тінін құраған

кішіпейілділіктің көрінісі іспетті дәстүрлердің бірі – келіннің сәлем салуы. Әрбір амал ниетімен қайырлы, ал құрметтеу ниетімен сәлем салудың сәждеге жығылумен бір еместігі, табыну ниетінде жасалмағандықтан, Аллаға серік қосумен үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны айдан-анық. Көрнекіден көмескі жасап, сау адамды ақылынан адастыратын жалған үкімдер жасаушылардың түпкі ниеті – дәстүрлі құндылықтарға сына қағып, ішкі тұрақтылыққа нұқсан келтіру.

Ата-бабаларымыздан біздерге «Үш қасиетті: дініңді, діліңді, тіліңді сақта!» деген қанатты сөз қал-

ды. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж. Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Ұлт негізін құрайтын осы үш қасиет болып табылатындықтан, оның тұтастығына қауіп төндіретін кез келген құбылыспен күресу ел азаматтарының тарих алдындағы парызы болмақ.

**Батыл Б.**

*Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімінің маманы*

## ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ ҚИСЫНЫ

«Жыл сөзін» әртүрлі елдердің, академиялық немесе қоғамдық институттардың анықтауы әлемде бұрыннан дәстүрге айналған. Әдетте, жылдың басты «вайбын» сипаттау үшін қандай да бір ұғым немесе термин таңдалады. Осы тәжірибені елімізде қолдансақ, 2022 жылға жеке сөзді емес, «Әділетті Қазақстан» деген тіркесті таңдаған жөн болар еді.

Бұл идеологияға Қазақстан халқының өзгерістерге, әлеуметтік әділеттілікке, демократияландыруға, мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға деген сұранысына жауап ретінде қалыптасты. Бірақ ол кенеттен пайда болған жоқ. Әділетті Қазақстан идеясы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы Мемлекет басшысы лауазымына сайланысымен күн тәртібіне

Өткен жылдың шешуші саяси оқиғалары, әрине, Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жалпыхалықтық референдум мен кезектен тыс Президент сайлауы болды. Бір жылда осындай екі маңызды нақанның өткізілуінің өзі-ақ – реформалардың қарқыны мен ауқымын айғақтайтын көрсеткіші.

Сонымен бірге 2022 жылы 5 маусымда өткен Конституцияға түзетулер енгізу жөніндегі референдум 1995 жылдан бері алғаш рет жүзеге асқаны баршамыздың жадымызда. Ал конституциялық реформаның тағдыры жалпыға бірдей дауыс беруге шығарылуының өзі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылындағы сапалы өзгерістерге бекем бет бұрғанын, демократияландыру бағытын нық ұстанып отырғанын көрсетеді. Референдум биліктің өте дер кезінде жолдаған месседжі болды. Оған азаматтардың қайтарған жауабы да көңілге үміт ұялатарлықтай – Қазақстан халқы бір-бірімен бірлікте, ел басшылығымен ынтымақтастықта екенін көрсете отырып, реформаларды қолдады. Қоғамның бірігуі – өткен плебисциттің көзге көрінбейтін, бірақ сезінерліктей және аса маңызды нәтижесі.

2022 жылғы конституциялық реформаның екінші бөлігі (қыркүйектегі) негізгі мемлекеттік институттарды демократияландыру, жаңарту және нығайту бағытындағы қозғалыс векторын барынша арттырды. Қасым-Жомарт Тоқаев

1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында Негізгі Заңға жаңа түзетулер енгізуді талап ететін бастамаларын жариялады. Олардың біреуі президенттік өкілеттік мерзімін өзгертуге қатысты: енді Мемлекет басшы-

Қазақстан халқы – бастамашыл және жанашыр халық. Мұны тіпті ресми статистика да растайды. Елімізде 770-ке жуық волонтерлік ұйым, әртүрлі салада жұмыс істейтін 17 мыңнан астам ҰЕҰ бар. Азаматтық қоғам қашанда елдің дамуына және проблемалық мәселелерді шешуге хал-қадерінше қатысуға ұмтылып келеді. Мемлекет өз тарапынан бұған тек қана қолдау білдіреді.

Мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес сектор әлеуметтік серіктестер ретінде бүгінде әртүрлі әлеуметтік маңызы бар тақырып бойынша 2 мыңға жуық жобаны жүзеге асыруда. Ал 2022 жылы мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимыл тетігі тіпті

қойып, ілгерілете бастаған және дәйекті түрде жалғастырып келе жатқан жаңғыртудың негізін құрайтын көптеген бастама мен шешімнен өрбиді.

Осы бастамалардың ішінде Президент осыдан төрт жыл бұрын ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының алатын орны ерекше. Оның мәнін атауынан-ақ оңай аңғаруға болады – адамдар, олардың проблемалары мен арман-мүдделері мемлекет пен мемлекеттік саясатты жүзеге асырушылар үшін әрдайым бірінші орында тұруы керек. Орталықта да, жергілікті жерлерде де шешім қабылдаушылар үшін халықтың игілігі алға шығуы қажет.

Соңғы жылдары дәл осы тұжырымдама, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы диалогті институт-

сы қайта сайлану мүмкіндігінің 7 жылға және бір-ақ мерзімге сайланады. Бұл жаңашылдық елдегі жоғарғы биліктің сөзсіз ауысуына кепілдік береді, оны монополиялаудан қорғайды.

Тұтастай алғанда, 2022 жылғы реформалар суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға түпкілікті көшуді айқындап беріп, одан арғы жүйелі қайта құрулардың іргетасын қалады. Соның ішінде, Қазақстандағы партиялық құрылысты жандандыру бойынша маңызды шешімдер пакеті қабылданды. Жаңа саяси бірлестіктер құру рәсімдері жеңілдетілді: партияларды тіркеу шегі 20 мыңнан 5 мың мүшеге дейін, өңірлік өкілдердің ең аз санына (600-ден 200 адамға дейін) және ұйым құру жөніндегі бастамашыл топқа (1000-нан 700 адамға дейін) қойылатын талаптар қысқартылды. Нәтижесінде, 2022 жылы Қазақстанда соңғы 10 жыл ішінде алғаш рет «Байтақ» жаңа саяси партиясы тіркелді, тағы бір партия – Respublika тіркеу рәсімінен өтіп, қалған партиялар бойынша тиісті үдерістер жүріп жатыр. Неліктен бұл соншалықты маңызды? Көппартиялық жүйе, соның ішінде өкілді органдарда партиялардың көбірек болуы саяси бәсекелестікті дамытуға, пікірлер плюрализмін қамтамасыз етуге ықпал етеді, ал тұтастай алғанда саяси жүйенің ұзақмерзімді тұрақтылығы мен азаматтардың өзекті мәселелерін шешу тиімділігі көп жағдайда осыған байланысты.

Реформаларды іс жүзінде толық жүзеге асыру белгілі уақытты қажет ететіні сөзсіз. Саяси жүйені қайта құру керек, ал Қасым-Жомарт Тоқаев Президент сайлауын (2022 жылғы 20 қарашада өткен), сондай-ақ Мәжіліс пен

нығайтылды – стратегиялық әріптестік орнату мүмкіндіктері заң жүзінде бекітілді. Бұл мемлекет пен ҰЕҰ-ның жалпыұлттық даму басымдықтарын іске асыру бағыттарында әлдеқайда тығыз бірлесе жұмыс істеуіне негіз, сондай-ақ ең өзекті мәселелер бойынша ҰЕҰ жобаларын (соның ішінде ақшалай) қолдау тетіктерін жасайды.

Өткен жылдың шілде айында қайырымдылық және волонтерлік қызмет туралы заңнама да жаңартылды. Атап айтқанда, бұл қызметті мемлекеттік деңгейде қаржылай және қаржысыз қолдау мүмкіндіктері кеңейтілді.

Қоғамдық кеңестер Қазақстан халқының азаматтық-саяси белсен-

дандыру қадамдары жаңғырту мәселесінде елеулі ілгерілетуге мүмкіндік берді. Әуелі Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылып, оның аясында бірнеше ірі реформалар пакеті қабылданды (олардың көпшілігі қазірдің өзінде жүзеге асырылды). 2022 жылы ҰҚСҚ өз жұмысын аяқтады, бірақ эстафетаны Ұлттық құрылтай өз қолына алды – бұл арада әңгіме жалпыұлттық диалогтің жаңа институттық деңгейге шығуы туралы болып отыр. ҰҚСҚ көп ретте мемлекетке реформалардың дұрыс бағытын айқындауға көмектесетін сарапшылық алаң болса, құрылтай – ел тағдырына бейжай қарамайтын, осы реформалардың нақты іске асуын қамтамасыз етуді міндет санайтын азаматтардың алқалы жиыны.

Қазақстанның былтыр басынан өт-

барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауын (2023 жылдың бірінші жартысында өткізіледі) мерзімінен бұрын өткізуді жариялау арқылы бұл үдерісті жеделдетті. Бұған қоса 14 қаңтарда Сенаттың кезекті сайлауы болды.

Маңызды мәселе: Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы жаңаша, әлдеқайда демократиялық және ашық форматта өтеді.

Былыр Мәжіліс (депутаттардың 30 пайызы партиялық тізім бойынша емес, тікелей сайланады) және облыстық мәслихаттар (мұнда схема 50/50 болады) сайлауының аралас пропорциялық-мажоритарлық жүйесін енгізу туралы шешім қабылданды. Қалалар мен аудандардың мәслихаттар сайлауы толық мажоритарлық жүйе бойынша өтеді. Сарапшылар дәйектендей, мұндай тәсіл азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін, халықтың, оның қалаулылары мен атқарушы органдардың арасындағы қарым-қатынастың жаңа форматының негізін қалайтын неғұрлым үйлесімді сайлау моделін қалыптастырады. Бұған императивтік мандат деп аталатын мандаттың енгізілуі септігін тигізеді – өз қалаулысының жұмысына көңілі толмаған адамдар оны депутаттық креслосынан айыра алады.

Бұған қоса, партиялардың Парламентке өту межесін төмендету (қазір 5% дауыс алу жеткілікті), сондай-ақ партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30% квота енгізу жөніндегі бұрынғы бастамаларды еске түсірген жөн. Мұның бәрі Мәжілістің жаңа шақырылымы шынымен де палата үшін «қайта құруға» айналады деп күтуге негіз болып отыр.

Ендігі айтарымыз. Алда Қазақстан-

ділігін арттырудың пәрменді шарасы, сондай-ақ билік пен халық арасындағы кері байланыстың өзін жақсы танытқан тетігі болып қала береді. Бүгінгі таңда республикада орталық мемлекеттік органдарды қоса алғанда, 250-ден астам ҚК бар, олар 2022 жылдан бастап тағы 13 квазимемлекеттік ұйымда құрылды. Өткен жылы ҚК-нің барлық құрамына ревизия жүргізіліп, олардағы билік өкілдерінің саны барынша азайтылды. Кеңестердің жұмысына 4 мыңнан астам адам тартылған болса, олардың басым көпшілігі – үкіметтік емес сектор мен сарапшылық қоғамдастық өкілдері.

Сумен қамтамасыз етуден бастап заң және нормативтік-құқықтық ак-

керген қиындықтары бұл саясаттың дұрыстығын дәлелдеді. Жаңғырту мен реформалау үдерістері бәсеңдемек түгіл, жаңа серпін алды және әділетті Қазақстан идеясының мемлекетті жаңартып, орнықтылығын арттыруға көп көмегі тигенін мойындау керек. Жаңа парадигма мемлекет пен азаматтар ортақ мақсатпен біріккен серіктестер екеніне негізделген. Ал бұл мақсат – өркендеген ел, берекелі қоғам болу.

2022 жылдың барлық оқиғасын зерттеп, талдау үшін көп уақыт қажет. Бұл шынында да айрықша жыл болды. Бірақ қазір біз ресми деректер мен сараптама бағалауларға сүйеніп отырып, «қазіргі сәтте» ғана емес, Қазақстанның болашақ дамуы үшін де маңызы бар шешуші оқиғаларға шолу жасағымыз келеді.

дағы халық қалаулылары – Мәжіліс пен мәслихат депутаттары ғана емес, әкімдер де. 2021 жылы алғаш рет аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің тікелей сайлауы өтті. Ал 2023 жылы аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау қанатқақты режимде ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, 2022 жылдың өзінде облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін тағайындау жүйесін өзгертіп, оны іс жүзінде тек жанама сайлау құқығы деп аталатын негізде сайлауға айналдыратын заңнамалық нормалар күшіне енді: Президент кандидаттарды ұсынады, кейін олар үшін таңдаушылар (жергілікті мәслихаттардың депутаттары) дауыс береді.

Жергілікті атқарушы билік органдары басшыларын сайлауды енгізу және оның ауқымын кеңейту – реформаларды табысты жүзеге асыру үшін өте маңызды қадам. Өйткені ол бірден бірнеше мәселені шешеді. Бұл – одан әрі демократияландыру, азаматтардың саяси үдерістерге қатысуын арттыру, жергілікті билік пен жергілікті қоғамдастықтардың өзара іс-қимылының жаңа парадигмасы, жергілікті жерлерде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру.

2022 жылы жаңа даму кезеңінде Қазақстанды саяси жаңғырту және мемлекеттілікті нығайту үдерістерімен символикалық түрде тығыз байланысы бар тағы бір маңызды шешім болды: 2022 жылы Республика күні – 25 қазан ұлттық мерекелер күнтізбесіне қайта оралды.

egemen.kz

тілер жобаларын қарауға дейінгі, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын бақылаудан бастап жер мәселесіне дейінгі азаматтар үшін ең көкейкесті мәселелер – ҚК-лердің басты назарында. Және де кеңестердің ұсынымдары мемлекеттік органдардың қарауы үшін міндетті болып саналады. Шын мәнінде, қоғамдық кеңестер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен адамға бағытталуын арттыруға қалай әсер ететінін айқын көрінісіне айналды.

egemen.kz



## АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Адамның негізгі қажеттігінің бірі – қауіпсіздік. Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал қауіпсіздіктің негізгі өлшемдерінің бірі – адамның іргелі құқықтарын қатаң сақтау.

Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыс мемлекеттік саясаттың сөзсіз басымдықтарының бірі саналады. Өткен жыл мұны қуаттай түсті. Жүргізілген конституциялық реформа Қазақстандағы адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуға дақыпалетті.

Осылайша, Конституциялық сот «қалпына келтірілді» (мұндай институт Қазақстанда 1992-1995 жылдары болған, кейін оның орнын Конституциялық кеңес – адам құқықтары жөніндегі функциялары әлдеқайда шектеулі құрылым басқан). Ол 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады.

Оған ресми тұлғалар (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен Бас прокурор) ғана емес, қарапайым азаматтар да жүгіне алады. Яғни кейбір заңдар өзінің азамат ретіндегі конституциялық құқықтарына нұқсан келтіреді деп санайтын кез келген адам Конституциялық сотқа жүгіне алады және оның мәселесін осы аса жоғарғы инстанция міндетті түрде қарайтын болады.

Негізгі Заңға енгізілген түзетулер Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесін де күшейтті. Конституцияға тиісінше жаңа бап қосылды, онда омбудсменнің тәуелсіздігінің және Президенттен басқа, қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың алдында есеп бермеуінің кепілдіктері көрсетілген. Бұған қоса, омбудсменнің өзі де, былайша айтқанда, халыққа жақындай түсті. Қазақстанның

барлық өңірінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жергілікті өкілдіктерін ашу туралы шешім қабылданды.

2022 жылы Конституцияға тағы бір қағидатты толықтыру енгізілді. Оған Қазақстанда өлім жазасына тыйым салынғандығы жазылды. Бұл қадам символдық деуге болады. Елімізде өлім жазасына енгізілген мораторий 2004 жылдан бері күшінде. 2020 жылы Қазақстан Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің өлім жазасын жоюға бағытталған Екінші факультативтік хаттамасына қосылған. Ұлттық заңнамаға тиісті түзетулер 2021 жылы енгізілген.

Бірақ өлім жазасына тыйым салудың Негізгі Заң мәтінінде де пайда болуы – Қазақстанның адамның іргелі құқықтарын қорғауға деген ұмтылысының айқын көрінісі. Бұл бірегей шешімнің халықаралық қоғамда-

стықта кеңінен мақұлдау мен қолдауға ие болуы бекерден-бекер емес.

Алайда жұмыс тек конституциялық реформамен шектелген жоқ. Бұл саладағы заңнама да жетілдіріліп жатыр. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы күрес туралы» заң жобасы әзірленді.

2022 жылы Қазақстанда адам құқықтары мен заңның үстемдігі саласындағы одан арғы іс-шаралар жоспары бекітілді. Онда барлық бағыт (соның ішінде азаптаулардың алдын алу және ондай жағдайларды тергеу сияқты нәзік тақырып та бар) бойынша құқық қорғау тетіктерін нығайту міндеттері айқындалды. Азаматтардың құқықтарының сақталуына ведомствоаралық бақылау күшейтілу үстінде. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанынан Құқық қорғаушылардың өздерін қорғау жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

## АҚПАРАТТЫҚ САЛА

Қазіргі әлем – ақпарат әлемі. Ал оның шындығы мемлекеттер мен қоғамдардан осы салаға жіті де жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Қазақстан бар сын-қатерлерді жақсы түсінеді және ақпарат кеңістігін еркіндікті толық қамтамасыз ететіндей және қауіпті хаосқа жол бермейтіндей етіп дамытуға ұмтылады.

Қазақстан Конституциясында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі» делінген. Президент (Конституцияның кепілі ретінде) наурыз айындағы Жолдауында бұл тақырыпты дамыта түсті. Ол еліміздегі одан әрі демократиялық қайта құрулар тәуелсіз және жауапты бұқаралық ақпарат құралдарынсыз мүмкін еместігін айтып, «БАҚ туралы» Заңды «мемлекет

мүддесін, қоғам сұранысын және медиасаланы дамыту үрдістерін ескере» отырып, қайта қарау міндетін қойды.

«Масс-медиа туралы» жаңа заң жобасының тұжырымдамасы және оған қатысты басқа да құжаттар кеңінен талқылау үшін «Ашық НҚА» интернет-порталында орналастырылды. Осы заң қабылданғаннан кейін БАҚ туралы қолданыстағы заңнама 50 пайыздан астамға жаңартылады деп болжанып отыр.

Өзгерістер, атап айтқанда, мемлекет пен БАҚ арасындағы өзара іс-қимылдың ескірген тәсілдерін қайта қарауға бағытталған. Өңгіме мемлекеттік ақпараттық тапсырыс тетігін түбегейлі трансформациялау туралы болып отыр. БАҚ-ты гранттық қаржыландыру

моделіне кезең-кезеңімен көшуді жүзеге асыру ұсынылады. Журналистер қоғамдастығының қызметін құқықтық қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Журналистерді кәсіби аккредиттеудің жаңа тетігі әзірленуде.

Ақпараттық салада бүгінде цифрлық масс-медиа үстемдік құрып отыр. Өртүрлі сарапшылық институттар қазақстандықтардың жаңалықтарды қайдан алатыны туралы жиі сауалдама жүргізеді. Осындай әлеуметтік өлшеулердің нәтижелері мынадай жалпы үрдісті көрсетеді: әлеуметтік желілер, блогерлер, мессенджерлердегі ақпараттық арналар және басқа да онлайн платформалар барған сайын жаңалық көздеріне айналуға. Мұның қауіптілігі сол, «жаңа медианы» құқықтық рет-

теуде әлі күнге елеулі олқылық бар. Мұның өзі фейктерге, айла-шарғыларға, жауапсыз ақпарат жіберуге жағдай жасайды. Жаңа заңнама осы олқылықтың орнын толтыруға тиіс.

2022 жылдың тағы бір маңызды эпизоды – Қазақстанның ақпараттық доктринасының әзірленуі. Бұл құжат қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіптер жағдайында мемлекеттік ақпараттық саясаттың идеологиялық құрамдас бөлігін айқындайды, ақпараттық саланы одан әрі ырықтандыру бағдарларын береді. Доктринаның түпкі мақсаты – мемлекет пен қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

## ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы мен әл-ауқаты мәселелері әрқашан негізгі басымдықтардың қатарында. Бұл ретте елімізде болып жатқан жаңғырту әлеуметтік саясатты да шет қалдырған жоқ. Мұндағы ең маңызды жобалардың бірі – 2023 жылдан бастап күшіне енеді деп күтіліп отырған Әлеуметтік кодекс. Осы құжаттың қабылдануы, бұрын әртүрлі құқықтық актілер мен заңдар аясында «шашырап» келген ауқымды әлеуметтік қолдау шараларын бір «мұқабаның» ішіне жинақтауымен маңызды. Бұл әлеуметтік саясатқа қажетті жүйелілік, белсенділік береді, тиімсіз шараларды анықтап, жоюға, қайталауларды болдырмауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік кодекс цифрлық әлеуметтік отбасы картасын құруды, ана мен баланы қолдау шараларын күшейтуді, еңбек нарығын дамытуды және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, арнаулы әлеуметтік қызметтер, зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіруді, әлеуметтік қызметкердің кәсібилігі мен мәртебесін арттыруды және басқа шараларды көздейді.

2022 жылы қабылданған маңызды институттық шешім – Қазақстанда Халықтың әлеуметтік осал санаттарын қолдау жөніндегі омбудсменнің жаңа лауазымы тағайындалғандығы.

Тағы бір назар аударатын жайт – қоғамда кәсібилік пен еңбексүйгіштік сынды құндылықтарды ілгерілету және нығайту. Еңбек адамының беделін күшейту. Бұл тақырып Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөздері мен тапсырмаларына үнемі арқау болып келеді. Қазақстанның нағыз қаһармандары – өз ісін адал да жауапкершілікпен атқаратын адамдар деген идея әділетті Қазақстан қоғамының іргетастарының біріне айналуға тиіс. Тіпті өткен жылы Қоғамда еңбек құндылығы идеологиясын насихаттаудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары да бекітілді.

Алайда тіпті қаһармандар да жалғыз идеологияға қанағаттанбайтындығы анық. Еңбек адамдарының мәртебесін көтеріп, олардың еңбегі іс жүзінде бағалы екенін көрсету керек. Ресми терминологияны қолдана айтқанда, қолдаудың монетарлық құралдарына сұраныс бар. Соның бірі – Мемлекет басшысы жариялаған ЕТЖ (ең төменгі

жалақы) мөлшерін кезекті ұлғайту: егер 2020 жылы ЕТЖ 42 500 теңге болса, 2023 жылы – 70 000 теңге. Екі жылда шамамен 65% өсім. Бұл неге маңызды? ЕТЖ деңгейі, мемлекеттік органдардың мәліметі бойынша, 1,6 млн жалдамалы жұмыскердің кірісіне тікелей әсер етеді. ЕТЖ-ны осылай арттырудың каскадтық әсері одан да көп адамға тиеді.

Бюджеттік сала жұмыскерлері табысының өсуі – аса айқын көрсеткіш. 2023 жылы балабақша тәрбиешілерінің, мектептер мен колледждер педагогтерінің, қосымша білім беру жүйесі мамандарының жалақысы тағы 25%-ға өседі (оған қоса, білім беру жүйесінде әртүрлі үстемеақылар бар – жалақының 50%-ына дейін). Дәрігерлердің жалақысы 30 пайызға, медбикелердің жалақысы 20 пайызға дейін көтеріледі. Төтенше жағдайлар министрлігі жүйесінде лауазымдардың санатына қарай жалақыны 10-нан 70 пайызға дейін арттыру жоспарланып отыр. Полицияда да биыл жалақыны көтеру қарастырылған, ал 2025 жылдан бастап әр үш жыл сайын жалақыны индекстеуді енгізу жоспарлануда. 2023 жылы әскери қызметшілердің лауазымдық жалақыларының жалпы ұлғайтылуы 2020 жылғы деңгеймен са-

лыстырғанда 60%-ды құрайды.

Жастарға ерекше назар аударылады. Келесі оқу жылынан бастап студенттердің шәкіртақысы 20%-ға, магистранттар мен докторанттардікі 15%-ға өседі. Бұдан бөлек, өткен жылы мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша заңнамаға түзетулер қабылданды. Жаңашылдықтың бірі – жастар санатының жасы 28-ден 35-ке дейін ұлғайтылғандығы. Бұл әртүрлі салалардағы жастарға арналған қолдау шараларымен (білім беруден бастап тұрғын үй бағдарламасына дейін) қамтылатын қазақстандықтар саны әлдеқайда көбейетінін білдіреді.

2022 жылғы тағы бір үлкен әлеуметтік жоба – «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры құрылғандығы. Меценаттардың қаражатымен бұл қор қазақстандықтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге жұмылған. Ол мәселелер – мақсатты (мысалы, қымбат емдеуді қаржыландыру немесе оқу ақысын төлеу) және жалпы (әлеуметтік инфрақұрылымды құру, білім беру және денсаулық сақтау объектілері материалдық-техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу және т.б.).

## БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

